

М.А. Гендельманның 110 жылдығына арналған «Сейфуллин оқулары – 19» халықаралық ғылыми - практикалық конференциясының материалдары = Материалы международной научно-практической конференции «Сейфуллинские чтения – 19», посвященной 110-летию М.А. Гендельмана». - 2023.- Т. I, Ч. IV. – Б. 293-295.

ӘОЖ 630*231-001.8(574.51)

ОҢТҮСТІК БАЛҚАШ ӨҢІРІНДЕГІ ҚАРА СЕКСЕУІЛ ӨСКІНДЕРІНІҢ ӨСУ ЖАҒДАЙЫ

*Д.А.¹Досманбетов., жетекші ғылыми қызметкер, PhD доктор
Р.С.¹Ахметов., директор*

Ж.С.¹Дукенов аға ғылыми қызметкер

Ж.К.¹Рақымбеков., аға ғылыми қызметкер

А.Н.¹Бектурганов., ғылыми қызметкер

Е.М.¹Каспақбаев., ғылыми қызметкер

М.А.¹Уашев., кіші ғылыми қызметкер

Атамбай Т.К.², 2-курс магистранты

*¹ЖШС "Ә.Н. Бөкейхан атындағы ҚазОШАҒЗИ" Алматы филиалы,
Алматы қ.*

*²«С. Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті» КеАҚ,
Астана қ.*

Қазақстанда сексеуілдің үш түрі өседі: қара сексеуіл не сортаң сексеуіл, ақ сексеуіл не құм сексеуілі және бұта не Зайсан сексеуілі [1]. Сексеуіл өте қатты ағаштар түріне жатады, бірақ жиһаз өндірісінде пайдалануға жарамайды. Оның есесіне бұл ағаш түрі шөлдің қазба байлығы десе де боларлық. Отқа жаққандағы қызуы көмірмен тең. Сексеуіл құмды шөлдің қорғанышы болады, ол құмды бекітіп ұстап тұрады, сексеуіл тамыры 10-15 м-ге дейін ұзарып өседі. Малға азық, жапырақтарында қажетті барлық органикалық заттар және көп мөлшерде су бар.

Сексеуіл алқаағаштарын ХХ ғасырдың ортасына дейін зерттеудің нәтижелері олардың табиғи жолмен өнімділігінің жоғары екендігін көрсетті. Бұл К.А Пашковскийдің ХХ ғасырдың 60жылдарында жасаған сексеуілдің табиғи қалпына келу шкаласында көрініс тапты [2]. Мынадай мөлшерде қалпына келу қанағаттанарлық болып саналады:

- 3-5 өскіндері ақ сексеуіл үшін – 500 дана/га және одан жоғары;

- қара сексеуіл үшін – 1000 дана/га және одан жоғары.

Көрсетілген мөлшерлік бағалауларды басқа да авторлар пайдаланған. Бірақ олар бірден он жасқа дейінгі диапазонда санаған [3]. Кейіннен, В.В. Чухина кесу орындарындағы қайта қалпына келу мөлшерін есептеудегі аудармалық

коэффициенттерін шығарған. Мысалы. II бонитет үшін 6-10 жастағы өскін – 1, 3-5 жастағы – 0,5, ал 1-2 жастағы өз өскіні – 0,1 болып қабылданған [4].


Өсу жағдайы жақсырақ болғанда сексеуілдің табиғи жаңаруы үш және одан жоғары мың дана болған [5]. Бұл жағдай К.А. Пашковский шкаласының жұмыс істеу кезеңін ұзартып, оны XX ғасырдың 80 жылдардың соңында дайындалған анықтамалық материалдарға қосуға себепші болды. Шөл арқылы өтетін өзендер арнасын реттеумен қатар, ауыл шаруашылығы дақылдарын өсіру үшін олардағы үлкен су қақпасын жұмсау және климаттың едәуір жылынуы қара сексеуіл алқаағаштарының жағдайын, олардың төзімділігі мен өнімділігін төмендетті.

Сексеуілдің барлық түрі тұқымынан немесе вегетативті жолмен жаңарып, сындыру немесе шабу кезінде түбірдің атпа бұтақтарымен өседі. Тұқым және тамыр атпаларынан жаңаруын зерттеу, сексеуілдің қай орман типіне жататынын анықтауға болады. Тұқымнан жаңару барлық орман типінде байқалуда, бірақ барлығында бірдей сәтті жаңармайды, өйткені өсу талаптарына байланысты.

20 ғасырдың 60-шы жылдары 3-5 жастағы қара сексеуіл өскіндер саны 1000 дана/га және оданда жоғары саналған.

Жұмыстар Оңтүстік Балқаш маңының Бақанас орман шаруашылығы мемлекеттік мекемесінде жүргізілген. Арнайы бақылау алаңшалары құрылып, бақылау алаңшаларындағы өскіндер саны саналды.

Қара сексеуіл өскіндерінің әр-түрлі жерлерде өсуінің орташа көрсеткіштері 1-ші суретте көрсетілген.



Сурет 1 - 5 жасқа дейінгі қара сексеуіл өскіндерінің әр-түрлі жер жағдайларындағы өсуінің орташа көрсеткіштері

Зерттеу жұмыстарының негізінде 5 жасқа дейінгі қара сексеуіл өскіндерінің өсу жағдайы өте жақсы жерлерде (тоғайлы батпақты жазықтардың қара сексеуіл ормдары және шөптесінді құмдауытты жазықтардың қара сексеуіл ормдары) 194 тен 226 дана/га саналса, жақсы жағдайда (Балқаш маңының бұталы қара сексеуіл ормдары) өскіндер саны 98 ден 148 дана/га және қатаң жағдайда (құмдағы тақырлы қара сексеуіл ормдары) өскіндер саны 31 ден 49 дана/га саналған.

Қорта келгенде қара сексеуілдердің табиғи жаңаруын бақылау кезінде 5 жасқа дейінгі барлық өскіндер саны қанағаттанарлықсыз болып саналған, бұған себеп тұқымдық ағаштардың нашар тұқым беруі.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Dosmanbetov, DA. The Effect of Irrigation on the Annual Apical Growth of the 12–14 Years Old Seed Plants of Black Saksaul [Текст]: Journal of Ecological Engineering. / Dosmanbetov, DA., Maisupova B.D., Abaeva K.T., Mambetov B.T., Akhmetov R.S. / Volume 21, Number 4, P. 11–18. 2020. <https://doi.org/10.12911/22998993/119524>. ISSN: 2299-8993.

2. Пашковский К.А. Биологические основы повышения продуктивности саксаульников Казахстана [Текст]: Автореферат дисс. на соискание ученой степени д-ра биологических наук. Алма-Ата, 1964. 31 с.

3. Утембетов Р.У. Кызыл-Кумские саксаульники как пастбищные угодья и влияние выпаса скота на их рост и возобновление [Текст] / Научные основы восстановления лесного фонда и повышения продуктивности лесов Казахстана (материалы КазНИИ лесного хозяйства) Кокчетав, 1970. – С. 95-98.

4. Чухина В.В. Формирование молодняка на вырубках саксаула черного [Текст] / Сборник трудов СредазНИИЛХ. Вып. XV. Ташкент 1976. – С. 73-80.

5. Бирюков В.Н., Маланьин А.Н. Рекомендации по установлению групп типов лесорастительных условий, групп типов леса и основные направления ведения лесного хозяйства в саксаульниках Казахстана [Текст]: г. Алма-Ата, 1982. – 26 с.